

"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 71 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және Бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 2 маусымдағы № 167 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 2 шілдеде № 9553 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2014.09.18 № 403 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 71 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8397 болып тіркелген, 2013 жылғы 18 мамырдағы № 129 (28068) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

2 «Салықтық емес түсімдер» санатында:

06 «Өзге де салықтық емес түсімдер» сыныбында:

1 «Өзге де салықтық емес түсімдер» кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы 13 - ерекшелікпен толықтырылсын:

«13 Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарының квота көлемі резервін басқарудан және белгіленген мөлшер бірліктерін беруден түскен түсімдер»;

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 «Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» функционалдық тобында:

4 «Іргелі ғылыми зерттеулер» функционалдық кіші тобында:

208 «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 131 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«131 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін

базалық қаржыландыруды қамтамасыз ету»;

02 «Қорғаныс» функционалдық тобында:

2 «Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру»
функционалдық кіші тобында:

122 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты» бюджеттік
бағдарламалар әкімшісі бойынша:

007 «Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік
өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу
және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасы бойынша:
мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен

толықтырылсын:

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

03 «Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі»
функционалдық тобында:

5 «Жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету
жөніндегі қызмет» функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 001, 002, 100, 101, 105, 109 және 114 бюджеттік
бағдарламалары бар 681 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

«681 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі

001 Күзетілетін тұлғалар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

002 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін дамыту
бағдарламасы

100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар
өткізу

101 Өкілдік шығындарға арналған қаражат есебінен іс-шаралар өткізу

105 Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық
негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын
әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, концессиялық
жобаларды консультативтік сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған
резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

114 Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің қаражаты есебінен соттардың
шешімдері бойынша орталық мемлекеттік органдардың міндеттемелерін
орындау»;

05 «Денсаулық сақтау» функционалдық тобында:

9 «Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер» функционалдық кіші
тобында:

253 «Облыстың денсаулық сақтау басқармасы» бюджеттік бағдарламалар

әкімшісі

бойынша:

028 «Жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстау»
бюджеттік бағдарлама:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен
толықтырылсын:

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

353 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың денсаулық сақтау
басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

028 «Жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстау»
бюджеттік бағдарлама:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен
толықтырылсын:

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

06 «Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру» функционалдық
тобында:

9 «Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де
қызметтер» функционалдық кіші тобында:

355 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі
бойынша:

044 «Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру» бюджеттік
бағдарлама:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен
толықтырылсын:

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

08 «Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік» функционалдық
тобында:

9 «Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру
жөніндегі өзге де қызметтер» функционалдық кіші тобында:

286 «Облыстың туризм және сыртқы байланыстар басқармасы» бюджеттік
бағдарламалар әкімшісі бойынша:

004 «Туристік қызметті реттеу» бюджеттік бағдарлама:
мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен

толықтырылсын:

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

13 «Басқалар» функционалдық тобында:

9 «Басқалар» функционалдық кіші тобында:

299 «Облыстың экономика және қаржы басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

064 «Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу» бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«064 Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу» ;

357 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

003 «Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу» бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«003 Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу» .

475 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі б о й ы н ш а :

001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығы мен ветеринарияны дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарлама:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен».

2. Бюджеттік жоспарлау және болжамдау департаменті (Ж.Т.Тоқабекова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және ресми

бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Министр

Е.Досаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК